Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабы 1 тармағының 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде және көрсетілетін қызметтің сапалы болуы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу процессін уақытылы өткізу үшін **конкурс өткізуге қажетті сметаларды дайындау бойынша қызметтерді** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Әкім **С. Айтбаев**

Бас маман м.у.а **Ә. Қонұсбаева**

Мемлекеттік сатып алу бойынша сметалық құжаттама жасақтау сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау негіздемесі

Сметалық құжат дайындау бойынша қызмет көрсету үшін тікелей шарт негізінде таңдалды, себебі:

1. Лицензия мен тәжірибе: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сметалық құжаттарды әзірлеуге арналған барлық лицензиялар бар. Сонымен қатар, тәжірибесі бар.
2. Сапа мен стандарттарға сәйкестік: Ұлттық нормативтерге сәйкес сметалық құжаттарды дайындайды және ресми бекітілген бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданады.
3. Бағаның тиімділігі: Ұсынылған баға нарықтық деңгейден аспайды.
4. Жұмыс мерзімі: Компания қысқа мерзімде құжаттарды толық әрі сапалы дайындауға кепілдік береді.

Бұл негіздеме қызмет көрсетушіні таңдаудағы объективтілік пен заңдылықты қамтамасыз етеді.